

Тухтарова Акмарал Сердалиевнаның
«8D02304 – Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған «Қазақ, ағылшын және орыс тілдеріндегі
аудиовизуалды мәтіндердің лингвомәдени аспектілері» диссертациясының
АНДАТПАСЫ

Диссертация тақырыбының сипаттамасы. Бұл диссертациялық зерттеу кешенді ғылыми көзқарастар аясында аудиовизуалды мәтіндерді зерделеуге арналған: лингвистикалық, коммуникативтік, семиотикалық, лингвомәдени және лингвокогнитивтік.

Қазіргі кезде кинофильмдер, сериалдар, анимациялық фильмдер, мультфильмдер, видеороликтер, видеоблогтар, теледидар бағдарламалары сияқты аудиовизуалды шығармалар ерекше назар аудартады. Басқа көптеген елдердегідей Қазақстанда танымал корей және түрік сериалдарынан бастап голливудтық комедиялар мен боевиктерді қоса алғандағы шетелдік кинематографиялық шығармаларға деген қызығушылықтың артқаны байқалады. Сонымен бірге, Netflix, YouTube, AppleTV+, Disney+, Hulu, Tubi, Megogo, IVI, Okko, Hotstar, Prime Video от Amazon, Popcornflix, Snagfilms, Vudu, Xumo, Classic Cinema Online сияқты әлемдік стримингтік қызмет көрсетудің қарқынды дамуы көрермендерді әртүрлі этностардың қайталанбас мәдени салттары мен дәстүрлерімен таныстыруға мүмкіндік берді. Соған сәйкес кез келген аудиовизуалды мәтін мәдени кодтармен шифрланады, олар реципиенттер тарапынан үш негізгі деңгейде қабылданады: тілдік, астырт және пресуппозитивті. Аудиовизуалды мәтіндердің тілдік деңгейінде мәдени-мәнді компоненттер әдетте лексикалық формада көрініс табады. Астырт деңгей реципиентте қажетті аялық білімнің болуын талап етеді. Пресуппозитивті деңгейде тілдік және астырт деңгейлердің арасында байланыс орнап, соның нәтижесінде аудиовизуалды мәтіндердегі мәдени кодтарды қабылдау мен толық түсінуге мүмкіндік туады.

Зерттеудің өзектілігі. Қазіргі технологиялардың көптүрлілігі әртүрлі форматтағы аудиовизуалды контенттерді жасау мен таратуға мүмкіндік берді, сондықтан оларды антропоөзектік парадигмада жан-жақты зерттеуді қажет етеді. Шетелдік және отандық тіл білімінде аудиовизуалды мәтіндерді аударудың теориясы мен практикасы біршама зерттелгеніне қарамастан, аудиовизуалды мәтіндерді лингвомәдени аспектіде зерттеуге арналған еңбектер саны аз. Бүгінгі күні аудиовизуалды мәтіндер, атап айтқанда, киномәтіндер арқылы берілетін лингвистикалық және экстралингвистикалық білім мазмұнын жан-жақты зерделеу өзекті болып отыр. Өйткені аудиовизуалды мәтін мәдени феномен болып саналады, қоғамдағы ойлау, дүниеге көзқарас, тұрмыс, салт-дәстүр ерекшеліктері мен құндылықтар жүйесімен байланысты берілетін вербалды және бейвербалды ақпаратты лингвомәдени аспектіде зерттеу маңызды.

Киномәтіннің ерекшелігі және оның адресатқа әсері тілші ғалымдардың да, киноиндустрия зерттеушілерінің де назарын аудартып отыр. Киномәтін вербалды, визуалды және акустикалық компоненттерден тұратын күрделі көп

кодты мағыналық кешен болып саналады. Киномәтіннің вербалды мәтіннен айырмашылығы оның адресаттың көңіл-күйіне, ойлауына, қарым-қатынасына, тіпті мінез-құлқына да белгілі бір деңгейде әсер ететіндігімен анықталады.

Аудиовизуалды мәтіндерді лингвомәдени талдау белгілі бір этникалық топтың дүниеге көзқарасын түсінуге, оның дүниені қабылдаудағы ұлттық ерекшелігі мен этникалық бірегейліктің элементтерін қайта қалпына келтіруге ықпал етеді, сонымен бірге кино шығармашылығының мағыналық құрылымындағы мәдени компоненттерді сипаттауға мүмкіндік береді.

Қазіргі лингвистикалық ғылымда аудиовизуалды мәтіндерді салғастырмалы аспектіде лингвомәдени талдау мәселесі жеткілікті зерттелмеген. Құрылысы әртүрлі тілдердің аудиовизуалды мәтіндерін салғастыра зерттеу ерекше назар аудартады. Вербалды, бейвербалды, аудиалды және визуалды каналдар арқылы берілетін әртүрлі мәдени кодтарды реципиенттердің қабылдауына ұлттық бірегейлік, мәдени және құндылық бағдарлар айтарлықтай ықпал етеді. Кинофильмдердегі көптілді диалогты түсіну ерекше қиын болуы мүмкін. Сәйкесінше, қазіргі шындық өзінің лингвистикалық көптүрлілігімен ерекшеленеді, аудиовизуалды мәтіндер қоғамның тұрмысы мен мәдени құндылықтарын бейнелейді.

Зерттеу мақсаты. Аудиовизуалды мәтіндердің ұлттық-мәдени ерекшеліктерінің ортақ және айырым белгілерін және олардың қазақ, ағылшын және орыс тілдеріне бейімделуін анықтау.

Алға қойған мақсатты жүзеге асыру үшін төмендегідей **міндеттерді** шешу көзделеді:

- Аудиовизуалды мәтін ұғымына анықтама беру, оның негізгі сипаттары мен басқа мәтіндер арасындағы орнын көрсету.

- Аудиовизуалды мәтінді зерттеудегі концептологиялық көзқарасты қарастыру.

- Аудиовизуалды мәтінді лингвокогнитивті феномен ретінде зерттеу.

- Аудиовизуалды мәтіндердің лингвомәдени бейімделу мәселесін зерделеу және аударма барысында мәдени-мәнді лексиканы беру тәсілдерін талдау.

- «Мұзбалақ» қазақ анимациялық фильмінің, «Игра Престолов» ағылшын сериалының және «Тайный город» орыс сериалының лингвомәдени ерекшеліктерін сипаттау.

- Қазақ, ағылшын және орыс лингвомәдениетіндегі аудиовизуалды мәтіндердің ортақ және айырым белгілерін анықтау.

- Лингвомәдени кедергілердің сипаты мен себебін және олардың қазақ, ағылшын және орыс тілдеріндегі аудиовизуалды мәтіндердің бейімделу үдерісіне әсерін анықтау.

- Қазақ, ағылшын және орыс тіл сөйлермендерінің лингвомәдени концептілерді қабылдау ерекшелігін анықтау.

Зерттеу нысаны. Диссертацияның зерттеу нысаны қазақ, ағылшын және орыс тілдеріндегі аудиовизуалды мәтіндер болып саналады.

Зерттеу пәні – қазақ, ағылшын және орыс тілдеріндегі аудиовизуалды мәтіндердің лингвомәдени аспектілері.

Зерттеу жұмысының теориялық-әдіснамалық негізіне төмендегі зерттеулер алынды: семиотика мен тіл теориясы бойынша (А.А. Реформатский, Ю.С. Степанов, А.Н. Кононов, М.Б. Ворошилова, Г. Кресс, К. Райс, О.С. Жұбай, Қ.Ө. Есенова, Ж.О. Тектіғұл, Г.Т. Шоқым), аудиовизуалды дискурс бойынша (Е.Д. Малёнова, А.В. Фёдоров, А.Ю. Калинин, В.А. Воронов, М.Д. Борискова, Ю.А. Евграфова, Е.П.Подлегаева, А.Е. Калдыбекова, Н.С. Касымбекова, М. Бейкер, П. Забалбеаскоа, Д. Мартинелли, Ф. Вентрелла, Л. Богуцкий, М. Хошсалигэ), аудиовизуалды аударма (Д.К. Саяхова, А.В. Козуляев, Г.Г. Слышкин, М.И. Жабский, А.А. Ибраева, Г.С. Кусаинова, И.Д. Винтерле, И. Гамбье, К. Тейлор, Ж. Невес, Д. Катан), лингвомәдениеттану (В.В. Воробьев, В.А. Маслова, В.В. Красных, Т.А. Фесенко, В. Макура, В.Н. Телия, Л.Х. Самситова, Л.Г. Саяхова, Л.К. Муллағалиева, Ж.М. Уматова, Р. Леппихальме, П. Ньюмарк, А. Байтурсинов, К.К. Жубанов, М.Б. Балакаев, Р. Сыздық, Н.М. Уали, З.К. Ахметжанова, Ж.А. Манкеева, А. Ислам, А.К. Жумабекова, Г.А. Кажигалиева, А.О. Тымболова, А.С. Адилова, М.Е. Куантаева, А.С. Ермагамбетова, К.К. Садирова, М.Т. Куштаева), кино/видео аударма (Т.В. Духовная, Ш.А. Нұрмышева, Г.Ж. Тұңғатова, А.М. Бегадилова, Я. Твейт), аударматану (В.Н. Комиссаров, В.С. Виноградов, А.В. Федоров, С. Влахов және С. Флорин, М. Бейкер, Л. Венути, И.А. Киселева, Ю.А. Минина, А.М. Алдашева), әдебиеттану (Э. Шакенова, Т.И. Хоруженко, С.П. Белокурова, И.А. Книгин, Дж. Уолтерс), салғастырмалы тіл білімі бойынша (Е.М. Верещагин, В.Г. Костомаров, И.Ю. Марковина, Ю.А. Сорокин, А.А. Леонтьев, Л.А. Шейман, К.К. Дуйсекова, М.Б. Амалбекова, С.С. Исакова), когнитивті лингвистика және нейроғылым бойынша (З.Д. Попова, И.А. Стернин, В.А. Маслова, Г.А. Радванский, В. Эванс, Дж. Закс, Х. Мюнстерберг, Дж. Лакофф, П. Пистерс, М. Джонсон, Ч. Форсевилль, К. Фаленбрах, П. Хоган, Э. Уриос-Апариси, С. Армбруст, А.Х. Азаматова, Г.К. Капышева, Э.Д. Сулейменова, Г.Г. Гиздатов, Л.В. Екшембеева, Э.Н. Оразалиева, Б.И. Нурдаулетова, А.К. Таусогарова, А.Б. Әмірбекова, Қ.Ә. Жаманбаева, Н.Н. Аитова, Г.Н. Зайсанбаева, Г.С. Исаева).

Зерттеу дереккөздері. Негізгі зерттеу дереккөздері ретінде қазақ, ағылшын және орыс лингвомәдениетіндегі киноәтіндер алынды: «Мұзбалақ» (2018) қазақ анимациялық фильмі, «Игра Престолов» (2011-2019) ағылшын сериалы және «Тайный город» (2014-2016) орыс сериалы.

Зерттеу әдістері. Ғылыми жұмыстың зерттеу әдістері ретінде төмендегілер таңдалды: бақылау, сипаттау, талдау, синтездеу, аргументация, жалпылау сияқты жалпығылыми әдістер; мәнмәтіндік талдау лингвистикалық әдісі; лингвомәдениеттанудың компоненттік талдау және дискурстық талдау әдістері, сипаттау әдісі, салыстырмалы-салғастырмалы талдау, дефиниция әдісі және ассоциативтік эксперимент. Сонымен бірге, «Мұзбалақ» анимациялық фильмінің әртүрлі эпизодтарынан, «Игра Престолов» сериалының 8 сезоннан және «Тайный город» сериалының 3 сезоннан түгелдей теру әдісімен зерттеудің практикалық материалдары жинақталды.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

1) Аудиовизуалды мәтін өзіндік полисемиотикалық табиғатымен сипатталады: сурет, дыбыс және экран мәтіні әртүрлі семиотикалық каналдар арқылы беріледі (аудиалды-вербалды, аудиалды-бейвербалды, визуалды-вербалды және визуалды-бейвербалды). Аудиовизуалды мәтіндердің құрылымын анықтайтын негізгі өлшемдер ретінде жанр, модус (коммуникация тәсілі) және тоналдылық (эмоционалдық реңк) жатады.

2) Аудиовизуалды мәтіндерді қабылдау лингвистикалық, мәдени және когнитивтік элементтердің кешенді, көпқырлы өзара байланысты үдерісінде жүзеге асады. Бір жағынан, аудиовизуалды мәтіндерде бейнеленген кейіпкерлер мен олардың образдары туралы көрермен санасындағы түсініктер вербалды, бейвербалды, дыбыстық, көру және сезу каналдары арқылы қалыптасады. Екінші жағынан, аудитория санасында белгілі бір образдардың қалыптасуына нейроғылымдар мен когнитивтік әдістер әсер етеді: 1) нейросуреттер немесе нейровизуализация жасау; 2) дене метафораларын құрастыру.

3) «Мұзбалақ» қазақ анимациялық фильмі, «Игра Престолов» ағылшын сериалы және «Тайный город» орыс сериалы фэнтези жанрына тән белгілермен сипатталады: 1) ойдан шығарылған дүниенің болуы; 2) сиқырды пайдалану; 3) сиқырлы заттардың болуы. Құрылысы әртүрлі үш тілдің аудиовизуалды мәтіндерін салғастырмалы лингвомәдени талдау қазақ, ағылшын және орыс тіл сөйлермендерінің ұлттық ділі мен дүниенің тілдік бейнесіндегі кейбір ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтауға мүмкіндік берді. Бір жағынан, аудиовизуалды мәтіндердің лингвомәдени ерекшеліктері қазақ, ағылшын және орыс лингвомәдени өкілдері үшін жалпы маңызды болып саналатын жаһандық құндылық бағдарларды бейнелейді. Екінші жағынан, аудиовизуалды мәтіндердің ұлттық ерекшелік сипатын талдау қазақ, ағылшын және орыс лингвомәдениетіне тән дәстүрлі өмір сүру салтындағы, діліндегі, ойлауындағы, діни көзқарастарындағы, салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптарындағы айырмашылықтарды анықтады.

4) «Мұзбалақ» қазақ анимациялық фильмінде, «Игра Престолов» ағылшын сериалы және «Тайный город» орыс сериалында реалий сөздердің 3 тобы кездеседі: этнографиялық, қоғамдық-саяси және географиялық. Этнографиялық реалий сөздер сан жағынан барынша басым топты құрайды, олардың құрамына мифтік кейіпкерлердің, сиқырлы артефакттер мен ритуалдардың атаулары кіреді. Бұл құбылысты аталған кинематографиялық шығармалардың фэнтези жанрына жататындығымен, олардың тамыры ежелгі мифтен, эпикалық поэзия мен фольклорлық аңыздардан бастау алатындығымен түсіндіруге болады. Мәдени реалий сөздерді беру кезінде бір аударма тәсілі екіншісімен сәйкестенуі мүмкін, бұл олардың кешенді сипатын көрсетеді.

5) Қазақ, ағылшын және орыс тілдеріндегі аудиовизуалды мәтіндерді бейімдеу үдерісінде лингвомәдени сәйкессіздіктердің орын алуының бірнеше себептері болуы мүмкін: 1) түпнұсқада берілген мәдени кодтарды дұрыс түсіндірмеу; 2) бастапқы киноленталарды жеткіліксіз немесе шамадан тыс лингвомәдени бейімдеу; 3) түпнұсқадағы мәдени-шартты бірліктерді беру

тәсілі мен стратегиясының сәйкес келмеуі; 4) аудио-видео қатарлы мәтіндерді дұрыс синхронизацияламау.

б) Ассоциативті эксперимент қазақ, ағылшын және орыс тіл сөйлермендерінің ұлттық санасында мәдени кодтарды толыққанды қабылдау төмендегідей дағдылар мен біліктердің болуы арқасында жүзеге асатынын дәлелдеді: 1) ассоциативті және сыни ойлау дағдылары; 2) сөздікпен жұмыс жасау дағдылары; 3) ойын анық және дәл жеткізу қабілеті; 4) ғылыми және көркем әдебиеттерді оқуға деген қызығушылық білдіру; 5) отандық және шетелдік кинематографиялық шығармаларды қарауға деген қызығушылық таныту; 6) қажетті аялық білімнің болуы.

Зерттеудің негізгі нәтижелерінің сипаттамасы. Диссертациялық жұмыста аудиовизуалды мәтіндердің лингвомәдени аспектілерін талдауға кешенді көзқарас алғаш рет қолданылды: 1) іргелі зерттеулерге шолу жасалды және аудиовизуалды мәтіндерді лингвокогнитивтік, лингвомәдени және концептологиялық көзқарас аясында зерттеудің теориясына үлес қосылды; 2) құрылысы әртүрлі үш тілдегі аудиовизуалды түпнұсқа мәтіндерге салғастырмалы лингвомәдени талдау жасалды; 3) қазақ, ағылшын және орыс тілдеріндегі аудиовизуалды мәтіндерді бейімдеу кезіндегі лингвомәдени ауытқулар мен бұрмалаулар анықталды. 4) қазақ, ағылшын және орыс лингвомәдениетіндегі аудиовизуалды мәтіндердің жалпы және ерекше сипаттары анықталды; 5) қазақ, ағылшын және орыс тіл сөйлермендерінің ұлттық тілдік санасында мәдени кодтардың қабылдану ерекшелігін анықтау мақсатында ассоциативті эксперимент жүргізілді.

Алынған нәтижелердің жаңашылдығы мен маңыздылығының негіздемесі. Ұсынылып отырған диссертациялық жұмыста аудиовизуалды мәтін аудиовизуалды дискурстың элементі ретінде ғана емес, ақпаратты беру үшін дыбыстық және визуалды компоненттерді қамтитын мультимодалды мәтіндік құрылым ретінде талданды. Зерттеуде қазақ, ағылшын және орыс тілдеріндегі аудиовизуалды мәтіндердің ұлттық-мәдени ерекшелік мәселесі алғаш рет зерттелді, нәтижесінде аталған тілдерге тән қайталанбас тілдік және мәдени ерекшеліктерді анықтауға мүмкіндік туды. Зерттеу жұмысының тұжырымдары мен нәтижелері маңызды, өйткені олар құрылысы әртүрлі үш тілге тән аудиовизуалды мәтіндерде бейнеленген мәдени кодтарды қабылдау механизмдерін түсінуге ықпал етеді. Сәйкесінше, алынған нәтижелер тіл білімі, лингвомәдениеттану, медиакоммуникация және мәдениетаралық зерттеулер аясында қазақ, ағылшын және орыс тілдерін кешенді салғастырмалы зерттеулерде практикалық тұрғыдан қолданыс табуы мүмкін.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы аудиовизуалды мәтіндерді кешенді лингвомәдени талдауды ұсынуымен анықталады. Диссертациялық жұмыс семиотика, лингвомәдениеттану, мәдениетаралық коммуникация, когнитивтік лингвистика, киноаударма теорияларының дамуына үлес қосады, сондай-ақ құрылысы әртүрлі тілдердегі аудиовизуалды мәтіндерді лингвомәдени аспектіде зерттеудің негізін қалайды.

Практикалық мәні. Диссертациялық зерттеудің нәтижелері мен жиналған практикалық материалдар қазақ, ағылшын және орыс тілдерін

оқыту курстарында, студенттердің ғылыми жұмыстарын, магистрлік диссертация жазу барысында, аударма агенттіктерінің кәсіби қызметінде, сондай-ақ жоғары оқу орындарының қазақ тілі мен әдебиеті, филология, шет тілі, аударма ісі, шетел филологиясы, орыс тілі мен әдебиеті, орыс филологиясы білім бағдарламаларындағы лингвомәдениеттану, когнитивті лингвистика, лингвоконцептология, дискурсология, стилистика мен мәтін талдауда қолданылады.

Зерттеу нәтижелерінің апробациясы. Зерттеудің негізгі нәтижелері мен тұжырымдары «Теориялық және қолданбалы филологияның өзекті мәселелері» IX Халықаралық ғылыми конференцияда (Уфа қаласы, 29-30 сәуір 2021 жыл), «Филологиялық ғылымдар: жағдайы, болашағы, зерттеудің жаңа парадигмалары» V Халықаралық ғылыми конференцияда (Уфа қаласы, 17-18 қараша 2022 жыл), «Цифрландыру дәуіріндегі Білім беру, Ғылым және Мәдениет» IV Халықаралық ғылыми-практикалық интернет конференцияда (Астана қаласы, 30 наурыз 2024 жыл) жасалған баяндамаларда көрініс тапты. Қазақ, ағылшын және орыс тіл сөйлермендерінің ұлттық тілдік санасында мәдени кодтардың қабылдану ерекшелігін анықтау мақсатында GoogleForms виртуалды платформасын пайдалана отырып Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің шетел тілдер факультеті мен филология факультетінің 1-4 курс білім алушыларының арасында сауалнама жүргізілді.

Зерттеудің жариялануы мен мақұлдануы. Осы зерттеудің материалдары бойынша 8 мақала жарияланды.

Scopus ғылыми деректер базасына кіретін журналдарда жарияланған еңбектер:

1. Linguocultural Approach to Audiovisual Translation on the example of “Game of Thrones” // International Journal of Society, Culture and Language. September 2021. Percentile 86%, Q1.

2. Linguocultural Deviations in Russian Translation of the Novel “Twilight” by S. Meyer // International Journal of Society, Culture and Language. August 2021. Percentile 86%, Q1.

ҚР ҒЖБ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдарда жарияланған еңбектер:

1. Current Issues of Film Translation: Linguocultural Aspect (Based on “Sherlock” Television Series) // Bulletin of Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages. Series “Philological Sciences”. № 1 (64) / 2022. 264-276 pp.

2. Linguocultural Barriers in Audiovisual Translation (Based on “Game of Thrones” TV Series) // Bulletin of Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages. Series “Philological Sciences”. № 1 (68) / 2023. 256-267 pp.

3. Linguocultural Adaptation in TV Series Translation // Bulletin of Karaganda University. “Philology” Series. № 2 (110) / 2023. 65-73 pp.

Халықаралық конференциялардың жинақтарында жарияланған еңбектер:

1. Linguocultural Peculiarities of Fantasy Texts Translation (Based on Game of Thrones Television Series) // IX International Scientific Conference “Actual Problems of Theoretical and Applied Philology”. Ufa, April 29-30, 2021. 3-9 pp.

2. Linguocognitive Analysis of “Boundary” Concept Based on “Game of Thrones” Television Series // V International Scientific Conference “Philological Sciences: Status, Prospects, New Research Paradigms”. Ufa, November 17-18, 2022. 3-12 pp.

3. Аудиовизуалды мәтіндерді лингвомәдени талдау («Мұзбалақ» анимациялық фильмі, «Игра Престолов» және «Тайный город» сериалдары бойынша) // «Цифрландыру дәуіріндегі Білім, Ғылым және Мәдениет» атты IV Халықаралық ғылыми-практикалық интернет конференциясы. Астана, 30 сәуір, 2024. 70-72 б.б. ISBN 978-601-08-3972-4 (Сертификат № 00034 от 30.03.2024)

Зерттеудің құрылымы мен көлемі. Диссертация кіріспеден, үш бөлімнен, қорытынды мен пайдаланған әдебиеттер тізімінен тұрады. Диссертациялық жұмыстың жалпы көлемі 189 бетті құрайды.

Ұсынылып отырған диссертациялық жұмыс аудиовизуалды шығармалар, кинематография, тіл саясаты саласындағы Қазақстан Республикасының төмендегідей Мемлекеттік стандарттары мен бағдарламаларына сәйкес дайындалды:

«Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 10 маусымдағы № 6-І Заңы (08.06.2024 ж. өзгертулер мен толықтырулармен).

«Кинематография туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 3 қаңтардағы № 212-VI Заңы (20.08.2024 ж. өзгертулер мен толықтырулармен).

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 16 қазандағы №914 қаулысы. «Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы».

Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 13 қыркүйектегі №659 Жарлығы. Мемлекет басшысының 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы «Халық бірлігі мен жүйелі реформалар – бұл нық елдің өркендеуінің негізі» (17.04.2023 ж. толықтырулармен).

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. Жоғары білім. Үш тұғырлы тілдер (қазақ, орыс және шет тілдері)» (Құнанбаева С.С.) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік білім беру стандарты 6.08.085-2010 Алматы, 2010 ж.

Докторанттың ғылыми зерттеу бойынша әр жарияланымды дайындаудағы үлесі. Осы диссертациялық зерттеудің авторы таңдалған тақырыпты жан-жақты зерттеудің теориялық тәсілдерін жүйелеп, эмпирикалық зерттеулер жүргізіп, негізді тұжырымдарды ұсынды, соның нәтижесінде ғылыми басылымдар дайындалды. Жарияланған материалдар академиялық ортада және аудиовизуалды медиа индустриясында қолданылуы мүмкін.

